

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің Шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 21 желтоқсандағы № 1091 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің Шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Алдабергенұлы Сағымбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің Шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 1091 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитетінің Шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

достық қатынастарды дамыту және нығайту ниетін негізге ала отырып,
сыртқы шекаралар қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы интеграциялық процестерді жолға қоюға және тереңдетуге ұмтыла отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларын сенімді күзету үшін шекара әскерлерінің кәсіби даярланған әскери кадрларының шешуші маңызын ұғына отырып,

1995 жылғы 3 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекара әскерлері үшін әскери кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттырудағы ынтымақтастық туралы келісімнің 1-бабын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қазақстан Тарапы Тәжікстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитеті Шекара әскерлерінің әскери қызметшілерін Қазақстан Республикасы Алматы қаласы Достық даңғылы 103-үй мекенжайында орналасқан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясына (бұдан әрі – ҰҚК Шекара академиясы) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы бекіткен штат саны лимитінің және ҰҚК Шекара академиясын ұстауға бөлінген қаражаттың шегінде шарттасқан санда Тараптар жыл сайын келісетін мамандықтар бойынша және мерзімге оқуға қабылдайды. Келісу нәтижелері келісімшарттармен ресімделеді.

2-бап

Тараптардың осы Келісімнің орындалуы үшін жауапты уәкілетті органдары:

Қазақстан Тарапынан – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

Тәжікстан Тарапынан – Тәжікстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік мемлекеттік комитеті болып табылады.

Жоғарыда аталған уәкілетті органдардың атаулары немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар етілетін болады.

3-бап

Әскери қызметшілерді оқуға қабылдау Тәжікстан Тарапының жыл сайынғы жазбаша өтінімдеріне, Қазақстан Тарапының ұсынымдары мен мүмкіндіктеріне сәйкес жүргізіледі. Қазақстан Тарапы оқу жылы басталғанға дейін алты ай бұрын Тәжікстан Тарапына әрбір оқыту мамандығы бойынша квота мен әрбір мамандық бойынша орын санын жолдайды. Өтінімдер оқу басталғанға дейін кемінде алты ай бұрын жіберіледі. Өтінімдерде оқыту мамандығы және әр мамандық бойынша жеке үміткерлер саны, оқуға үміткерлердің жалпы білім деңгейі көрсетіледі.

Тәжікстан Тарапы жыл сайын Қазақстан Тарапы бекітетін квотаға сәйкес ҰҚК Шекара академиясында оқуға үміткерлерді іріктеуді жүзеге асырады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдарының әскери, арнаулы оқу орындарына (бұдан әрі – ҰҚО ӨАОО) Тәжікстан Республикасының мынадай азаматтары қабылданады:

1) орта немесе ортадан кейінгі білімі бар, әскери қызмет өткермеген, оқуға қабылданған жылы он жеті жасқа толған, бірақ жиырма бір жастан аспаған;

2) арнаулы мемлекеттік органдарда әскери қызмет немесе қызмет өткерген және мерзімді әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілер олар қабылданған жылы жиырма төрт жасқа толғанға дейін;

3) келісімшарт бойынша әскери қызмет өткеріп жатқан әскери қызметшілер немесе арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеріп жатқан қызметкерлер қабылданған жылы жиырма бес жасқа толғанға дейін.

Жоғары білім және қысқартылған оқу мерзімімен жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға үміткердің жасы оны ҰҚО ӘАОО-ға қабылдаған күні айқындалады.

4-бап

Тәжікстан Тарапы белгіленген тәртіппен Тәжікстан Тарапы белгілеген бағдарлама бойынша конкурстық негізде кәсіптік іріктеу, медициналық куәландыру, қабылдау емтихандарын өткізеді және әскери қызметшілерді ҰҚК Шекара академиясына оқуға алдын ала айқындалған мерзімде жібереді.

Оқыту Қазақстан Республикасы ҰҚО ӘАОО-да қабылданған қолданыстағы жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес қазақ немесе орыс тілінде жүргізіледі.

Үміткерде қазақ немесе орыс тілін меңгерудің базалық деңгейі (А2) болуға тиіс. Қазақ немесе орыс тілін меңгерудің ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын тексеру қазақстандық Тарап өкілдерінің міндетті қатысуымен жүзеге асырылады.

5-бап

Тәжікстан Тарапы оқу басталғанға дейін бір ай бұрын Қазақстан Тарапының мекенжайына мыналарды жолдайды:

әскери атағын, тегін, атын, әкесінің атын, туған жылын, жалпы білімін, болжанатын мамандығын көрсете отырып, әскери қызметшілер тізімінің екі данасын;

оқуға үміткерлердің оқу істерін, олар мыналарды:

кәсіптік іріктеудің нәтижелерін, мемлекеттік құпияларға жатқызылған мәліметтерді алу (беру) құқықтарының бар-жоғы туралы қорытындыны және толық орта білімі туралы құжаттарының нотариалды куәландырылған көшірмелерін қамтиды.

ҰҚК Шекара академиясынан оқудан шығарылған немесе оны аяқтаған Тәжікстан Тарапы әскери қызметшілерінің оқу істері Тәжікстан Тарапына жолданады.

Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілері оқуға белгіленген тәртіппен оқу жылының басталуына қарай келеді, оларда өзімен бірге:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өтуге құқық беретін жарамды жеке басын куәландыратын құжаты;

білімі туралы, оқыған пәндері мен олар бойынша алған бағалары туралы құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;

жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын тапсыру туралы ведомосынан үзінді;

мерзімі 3 (үш) айдан аспаған тіке проекцияда көкірек қуысы органдарын флюорографиялық зерттеу және медициналық куәландыру қорытындысы, сондай-ақ мерзімі он төрт күннен аспаған АҚТҚ-инфекциясы мен гепатитке (В, С) тексеру туралы медициналық қорытынды;

әскери нысандағы киімде түскен өлшемі 4,5 x 3,5 см бес фотосурет;

Тәжікстан Республикасының мемлекеттік құпияларына жіберуге тиісті нысаны болуы керек.

Оқуға үміткерлердің құжаттары қазақ немесе орыс тілінде жасалып ресімделген және нотариалды куәландырылған болуға тиіс.

Тәжікстан Тарапы үміткерлердің белгіленген мерзімде оқуға келуін қамтамасыз етеді.

Тәжікстан Тарапы әскери қызметшілерінің оқудың басталуына қарай келуі мүмкін болмаған жағдайда Тәжікстан Тарапы оқу басталғанға дейін кемінде он күн бұрын Қазақстан Тарапын хабардар етуге міндетті.

Тәжікстан Тарапы оқуға жіберген кезде Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілері қатарынан ұлттық топтың жетекшісін тағайындайды, ол ҰҚК Шекара академиясындағы оның өкілі болып табылады.

Тараптар арасындағы байланыстар телефон, факсимильдік және өзге де электрондық байланыс көмегімен хат-хабарлама алмасу жолымен жасалады.

6-бап

ҰҚК Шекара академиясында оқитын Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілеріне оқу жоспарларына сәйкес жыл сайын мынадай каникул демалыстары беріледі:

- 1) жазғы демалыс – отыз тәулік;
- 2) қысқы демалыс – он төрт тәулік.

Каникул демалыстарын өткізу орнына және кері қарай жол жүру үшін қажетті уақыт берілмейді.

7-бап

Қазақстан Тарапы Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілерін ҰҚК Шекара академиясында оқыту барысында:

- Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарында уақытша тіркеумен;
- шәкіртақымен;
- заттай мүлікпен;
- тұратын үй-жайлармен (жатақханалармен);
- үш мезгілдік тамақпен;

оқытушылар құрамымен, оқу құралдарымен, оқу-сыныптық керек-жарақтармен, зертханалық жабдықпен, қару-жарақпен, техникамен, оқ-дәрілермен, практикалық оқытудың техникалық құралдарымен;

арнайы оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес оқу процесіне қажетті шығыс материалдарымен және басқа да жабдықпен;

оқу процесіне қажетті кітапханаларды, оқу және спорт залдарын және басқа үй-жайларды пайдалану құқығымен;

госпитальға жатқызу мен дәрі-дәрмектер беруді қоса алғанда, медициналық қызмет көрсетумен;

оқу мақсаттары үшін көлікпен;

киім-кешекпен, сондай-ақ Қазақстан Тарапы әскери қызметшілерінің қазіргі санаттарына арналған нормалар бойынша техникамен жұмыс істеуге арналған арнайы киіммен қамтамасыз етеді.

Арнайы киім уақытша пайдалануға беріледі және оқу аяқталғаннан кейін ол алған орнына қайтарылуға тиіс.

8-бап

Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілерін шәкіртақымен, киім-кешекпен, тамақпен және тұрғын үй-жайлармен (жатақханамен) қамтамасыз етуді, сондай-ақ оқуға байланысты шығыстарды қазақстандық Тарап әскери қызметшілерінің тиісті санаттары үшін белгіленген нормалар бойынша Қазақстан Тарапы жүзеге асырады.

Тәжікстан Тарапы Тәжікстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз әскери қызметшілеріне мыналарды:

әскери қызметшілердің жол жүру, олардың әскери қызмет өткеру орнынан (тұрғылықты жерінен) оқу орнына дейін жүгін тасымалдау ақысын;

оқу орнынан әскери қызмет өткеру орнына (тұрғылықты жеріне) дейін олардың жүгін тасымалдау, каникулдық демалысқа және жеке себептер бойынша демалысқа, кәсіби практика мен тағылымдамадан өтуге және кері қарай, ҰҚК Шекара академиясынан оқудан шығарылған және оқу аяқталысымен қызмет орнына кеткен жағдайда Тәжікстан Республикасының аумағына оралу кезінде жол жүру ақысын төлеуді жүзеге асырады.

9-бап

Тәжікстан Тарапы әскери қызметшісінің кінәсынан Қазақстандық Тараптың мүлкі бұзылған жағдайда, қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес нақты шығындарды негізге ала отырып, Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілері оның жөндеу немесе ауыстыру құнын өтейді.

Тәжікстан Тарапы әскери қызметшісінің кінәсынан қазақстандық Тараптың мүлкі жоғалған жағдайда, оның құнын қазақстандық Тарап әскери қызметшілерінің тиісті санаттарына сәйкес анықталған мөлшерде Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілері өтейді.

10-бап

ҰҚК Шекара академиясында оқып жүрген Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында шетелдік азаматтар үшін көзделген құқықтар мен міндеттер қолданылады.

Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, әскери қызметті өткеруді регламенттейтін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының жалпыәскери жарғыларын, сондай-ақ ҰҚК Шекара академиясындағы ішкі тәртіпті және оқу процесін сақтауға міндетті.

ҰҚК Шекара академиясында оқитын және жоғарыда аталған талаптарды бұзған, сондай-ақ Тәжікстан Тарапының шешімі бойынша кері шақырылған әскери қызметшілер ҰҚК Шекара академиясынан шығарылады және Тәжікстан Республикасына жіберіледі.

Қазақстан Тарапы әрбір семестр аяқталысымен Тәжікстан Тарапы әскери қызметшілерінің әскери тәртібі мен оқу үлгерімінің жай-күйі туралы мәліметтерді Тәжікстан Тарапына ұсынады.

11-бап

Әскери қызметші сырқаттанып, бұл оның одан әрі оқуына кедергі келтірген кезде ол әскери-дәрігерлік комиссияға жіберіледі. Әскери-дәрігерлік комиссия сырқаттанған әскери қызметшінің одан әрі оқуға жарамсыздығы туралы шешім қабылдаған жағдайда ол ҰҚК Шекара академиясынан оқудан шығарылады және Тәжікстан Тарапының қарамағына жіберіледі.

Тәжікстан Республикасының әскери қызметшісі Қазақстан Республикасының аумағында қайтыс болған (қаза тапқан) жағдайда Тәжікстан Тарапы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның мәйітін Тәжікстан Республикасына жіберуді өз есебінен қамтамасыз етеді. Қазақстан Тарапы Тәжікстан Тарапының өтініші бойынша қажетті жәрдем көрсетеді.

Қазақстан Тарапы барлық жағдайларда Тәжікстан Тарапын оқып жүрген адамның қайтыс болғаны туралы дереу хабардар етеді, ал қайтыс болу себептерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті Қазақстан Тарапының құзыретті органдары анықтайтын болады.

12-бап

Тәжікстан Тарапы әскери қызметшілерінің кәсіптік практикасы мен тағылымдамасы Қазақстан Тарапының әскери арнаулы оқу орындарының жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сәйкес Тәжікстан Тарапының практика мен тағылымдама базасында жүргізіледі және каникулдық демалысқа (жазғы, қысқы) шығумен біріктіріледі (әдетте).

Қорытынды аттестаттаудан өткен және тиісті білім беру бағдарламасын игергенін растаған білім алушыларға Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен "бакалавр" дәрежесі беріледі, диплом және белгіленген үлгідегі кеуде белгілері тапсырылады.

ҰҚК Шекара академиясында оқып жүрген Тәжікстан Тарапының әскери қызметшілеріне алғашқы офицерлер атағын беру ҰҚК Шекара академиясы жолдаған

ақпараттың негізінде Тәжікстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

13-бап

Оқуды аяқтаған Тәжікстан Тарапы әскери қызметшілерінің жұмыс дәптерлері Тәжікстан Тарапының сұрау салуы негізінде бекітілген тәртіппен Тәжікстан Республикасына жіберіледі.

14-бап

Осы Келісімді іске асыру шеңберінде алынған құпия және өте құпия ақпаратты рұқсатсыз таратуға немесе жариялауға жол берген не өзге де қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Тәжікстан Тарапының ҰҚК Шекара академиясында оқып жатқан әскери қызметшілері оны жасаған жері бойынша Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамасында көзделген тәртіппен жауапты болады.

15-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын жеке хаттамалар түрінде ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Осы Келісімді іске асыру кезінде туындайтын барлық дауларды Тараптар өзара консультациялар және келіссөздер жолымен шешеді.

16-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы Тараптардың жазбаша хабарламаларының соңғысы дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы тиісті жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен кейін алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

Осы Келісімнің қолданылуы тоқтатылған жағдайда оның негізінде жасалған келісімшарттар Тараптардың оларға сәйкес міндеттемелері орындалғанға дейін қолданыста болады.

Осы Келісім күшіне енген күнінен бастап 2007 жылғы 24 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы Тәжікстан Республикасының Шекара әскерлері үшін кадрлар даярлау саласындағы келісім өз қолданысын тоқтатады.

20__ жылғы " __ " _____ Астана қаласында қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Тәжікстан Республикасының
Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК